

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 24 сәуірдегі № 109 қаулысы

"Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-1 бабына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17- бабын 7) тармақшасына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ереже осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қамтамасыз етсін:

1) жоғарыда көрсетілген Ережені заңнамада белгіленген тәртіпте әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күн ішінде қазақ және орыс тіліндегі электрондық түрдегі көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жолдауды;

3) осы қаулыны ресми жариялағаннан кейін Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

Ғ. Нұрмұхамбетов

Солтүстік Қазақстан
облысы әкімдігінің

2025 жылғы "24" сәуірдегі
№ 109 қаулысымен
бекітілді

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ

Петропавл қ., 2025 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Солтүстік Қазақстан облысының аумағында ауыл шаруашылығы және жер қатынастары саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ведомстволық бағынысты ұйымдары жоқ.

3. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі коммуналдық мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртабандары, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте бұзылған құқықтарын қорғау үшін сот органдарына талап арыз беруге құқылы.

7. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі өз құзыреті шегіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіпте шешімдер қабылдайды және олар "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі басшысының бұйрықтарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген басқа нормативтік актілермен рәсімделеді.

8. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: 150011, Қазақстан Республикасы Солтүстік Қазақстан облысы Петропавл қаласы Парк көшесі, 57 В.

10. Осы Ереже "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті және республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау үшін шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, егер Қазақстан Республикасының Заңында басқаша белгіленбесе онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жұмыс режимі ішкі күн тәртібіне сәйкес белгіленеді.

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен құрылтайшы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады және реттеледі.

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі мен оның еңбек ұжымы арасындағы өзара қарым-қатынас Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Міндеттері:

1) агроөнеркәсіптік кешен салаларын тұрақты дамыту, олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

2) өсімдік шаруашылығы өнімінің көлемі мен сапасын арттыруды қамтамасыз ету;

3) мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру;

4) қайта өңдеу өндірістерін тұрақты дамыту және қолдау;

5) агроөнеркәсіптік кешеннің ғылыми және технологиялық жедел дамуын қамтамасыз ету;

6) бәсекеге қабілетті ғылыми әзірлемелерді жасаудың, енгізу мен таратудың және адам капиталын дамытудың тиімді жүйесін құру;

7) агроөнеркәсіптік кешен салаларына қызмет көрсететін инфрақұрылымын дамыту және техникалық жабдықтауды арттыру;

8) өз құзыреті шегінде мемлекеттік, салалық бағдарламаларды әзірлеуге қатысу;

9) заңнаманы қолдану тәжірибесін талдау, оны жетілдіру бойынша ұсыныстарды дайындау, өз құзыреті шегінде облыс әкімінің және әкімдігінің нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын әзірлеу және дайындау;

10) Солтүстік Қазақстан облысының аумағында жер қатынастары саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу және жер қатынастары саласында мемлекет мүдделерін қорғау.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

мемлекеттік органдардан, мекемелерден, ұйымдардан, лауазымды адамдардан белгіленген тәртіпте қажетті ақпаратты сұрату және алу;

агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі өңірлік бағдарламаларды әзірлеу және жергілікті өкіметті органдардың (мәслихат) бекітуіне ұсыну, олардың іске асырылуына мониторинг жүргізу;

агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін мемлекеттік қолдау бойынша қолданыстағы заңнамаға, мемлекеттік, салалық секторлардың, өңірлік бағдарламаларға және басқа да нормативтік құқықтық актілерге сәйкес ұсыныстар әзірлеу;

агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне агроазық-түлік саясатының негізгі бағыттары мен тетіктерін түсіндіру жұмысын үйлестіру;

ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді дамытудың орта мерзімді жоспарларын әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізу;

Солтүстік Қазақстан облысында агроөнеркәсіптік кешен саласындағы инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;

өз қызметін атқару барысында атқарушы билік органдарымен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен өзара іс-қимыл жасау;

заңнамада белгіленген тәртіпте жергілікті мемлекеттік басқару органдарынан және басқа да ұйымдардан өз құзыреті шегінде қажетті ақпараттық материалдарды алу;

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес заңды және жеке тұлғалармен шарттар жасасу, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды иелену, өз мүдделерін мемлекеттік органдарда және ұйымдарда білдіру;

халықаралық ұйымдармен және шетелдік ұйымдармен өз құзыреті шегінде ынтымақтастық орнату;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларын сақтау;

Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің және өзге де орталық атқарушы органдардың сондай-ақ облыс әкімі мен әкімдігінің актілері мен тапсырмаларын сапалы және уақытылы орындау;

мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру;.

15. Функциялар:

1) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарының құрылымын әртараптандыру мәселесі бойынша келісімдер (меморандумдар) жасасу;

3) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және осы саладағы өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін мемлекеттік қолдау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу;

4) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы мемлекеттік техникалық инспекцияны жүзеге асыру;

5) машина-трактор паркін және технологиялық жабдықтарды жаңартуды ұйымдастыру;

6) машина-технологиялық станциялар (сервистік орталықтар) желісін дамыту және олардың қызметіне мониторинг жүргізу;

7) жыл сайын ауыл шаруашылығы жұмыстарының күтілетін көлемдерін ескере отырып, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органмен бірлесіп, мұнай өнімдерін өндіру саласындағы уәкілетті органға ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерге мұнай өнімдерін жеткізу көлемі туралы ұсыныстарды енгізу;

8) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген шектерде халықты азаматтық қорғау саласындағы жұмыстарды жүзеге асыру;

9) агроөнеркәсіптік кешен салаларын мамандармен қамтамасыз ету, агроөнеркәсіптік кешен кадрларын даярлау, қайта даярлау және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру;

10) өндірілетін өнімнің ассортименті бойынша өңірлік көрмелер, жәрмеңкелер ұйымдастыру;

11) "Агроөнеркәсіптік кешендегі-"Үздік кәсіп" конкурсын өткізу;

12) агроөнеркәсіптік кешен өнімдерін сату жөніндегі көтерме базарлар ұйымдастыру;

- 13) агроөнеркәсіптік кешен өнімдерінің азық-түлік қауіпсіздігі, бағалары мен нарықтары жағдайына мониторинг жүргізу;
- 14) өңірдегі агроөнеркәсіптік кешен саласындағы инновациялық тәжірибені тарату және енгізу жөніндегі іс-шараларды әзірлеу және іске асыру;
- 15) өңірдегі агроөнеркәсіптік кешен саласында инновациялық жобаларды іріктеуді ұйымдастыру ережелерін бекіту жөніндегі ұсыныстар енгізу;
- 16) мал шаруашылығы өнімдері мен шикізатын дайындау жөніндегі мемлекеттік пункттерді салу, күтіп-ұстау және реконструкциялау жұмыстарын қамтамасыз ету;
- 17) кеңейтілген күтіп-молайту үшін жоғары сапалы асыл тұқымды жануарларды сатып алу, күтіп-ұстау және толықтырма төл өсіруді ұйымдастыру;
- 18) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі уәкілетті орган айқындайтын тізбе мен тәртіпке сәйкес зиянды организмдермен күрес жөніндегі іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз ету;
- 19) тиісті өңірде азық-түлік тауарларының қорын есепке алуды жүргізу және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саласындағы уәкілетті органға есептілік ұсыну;
- 20) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің қарыздарын кепілдендіру кезінде комиссияның бір бөлігін және қарыздарды сақтандыру кезінде сақтандыру сыйлықақыларының бір бөлігін өтеу;
- 21) агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салымдар салған кезде шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу;
- 22) олар бойынша кепілдендірілген сатып алу бағасы және сатып алу бағасы белгіленетін сатып алынатын ауыл шаруашылығы өніміне субсидиялар нормативін бекіту жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 23) өңдеу кәсіпорындарының ауыл шаруашылығы өнімін терең өңдеу өнімдерін өндіру үшін оны сатып алуға жұмсалатын шығындарды субсидиялау;
- 24) ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ревизиялық одақтарының ауыл шаруашылығы кооперативтерінің ішкі аудитін жүргізуге арналған шығындарын субсидиялау;
- 25) тыңайтқыштар (органикалықты қоспағанда) құнын субсидиялауды жүзеге асыру ;
- 26) басым дақылдарды, оның ішінде көп жылдық екпелерді өндіруді субсидиялауды жүзеге асыру;
- 27) саны зияндылықтың экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге және карантиндік объектілерге қарсы өңдеуді жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялауды жүзеге асыру;
- 28) жеке және заңды тұлғаларға жойылған жеміс-жидек дақылдарын, жемісті бактериалды күйік ауруына шалдыққандарды отырғызу және өсіру жөніндегі шығындарын өтеу;

29) мыналар бойынша іс-шаралар әзірлеу:

агроөнеркәсіптік кешен салаларына инвестициялар мен екінші деңгейдегі банктердің кредиттерін тарту;

бәсекеге қабілетті өндірістерді қалыптастыру және дамыту, оларды жаңғырту және сапа менеджментінің халықаралық жүйесіне көшіру үшін жағдай жасау;

мамандандырылған мал шаруашылығы қожалықтарының өсуі үшін жағдай жасау;

30) агроөнеркәсіптік кешеннің ақпараттық-маркетингтік жүйесінің жұмыс істеуі мен дамуы үшін жағдай жасау;

31) ішкі және сыртқы азық-түлік нарықтарындағы ахуалды зерделеу және агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің тиісті ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз ету;

32) агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органдарға агроөнеркәсіптік кешеннің жай-күйі және олардың дамуы туралы ақпарат ұсыну;

33) агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауды жүзеге асыру;

34) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру бағыты аясындағы кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауды жүзеге асыру;

35) облигациялар бойынша купондық сыйақыны субсидиялауды жүзеге асыру;

36) астық нарығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

37) астық қолхаттарын бере отырып, қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау;

38) табиғи-климаттық жағдайларды және нарықтық конъюнктураны ескере отырып, астық өндірісінің құрылымын оңтайландыру, астықты өндіру, сақтау мен сатудың жаңа прогрессивті технологияларын жетілдіру және енгізу;

39) астық қабылдау кәсіпорындарын мемлекеттік бақылау;

40) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіпте астық қолхаттарын беру арқылы қойма қызметі бойынша қызметтер көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығына лицензияның қолданылуын тұтастай немесе жекелеген операцияларды жүзеге асыру бөлігінде алты айға дейінгі мерзімге тоқтата тұру;

41) астық қабылдау кәсіпорындарының Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу, астықты сақтау, астық қолхаттарын ұстаушылардың мемлекеттік электрондық тізілімін қалыптастыру және жүргізу қағидаларын сақтауын бақылау;

42) Қазақстан Республикасының астық туралы заңнамасының бұзылуы туралы нұскамалар беру, Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау;

- 43) әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде астық нарығының мониторингін жүзеге асыру;
- 44) астық қауіпсіздігі мен сапасын мемлекеттік бақылау;
- 45) "Астық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 28-бабы 2-тармағында көзделген негіздер болған кезде астық қабылдау кәсіпорнынан астықты көліктің кез келген түрімен тиеп жөнелтуге тыйым салу;
- 46) тізілімнің деректеріне сәйкес астықтың сандық-сапалық есебін жүргізу және оның сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтау тұрғысынан астық қабылдау кәсіпорындарының қызметін инспекциялау (тексеру);
- 47) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу және мерзімінен бұрын аяқтау туралы сотқа арыз беру;
- 48) астық нарығына қатысушылардың астығының нақты бар-жоғы мен сапасын және оның есепті деректерге сәйкестігін тексеру;
- 49) астықтың сандық-сапалық жай-күйін бақылау;
- 50) астық қолхаттарын ұстаушыларға астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқару жөніндегі комиссияның құрамына енгізу үшін кандидатуралар ұсыну туралы хабарлама жіберу;
- 51) астық қабылдау кәсіпорнын уақытша басқаруды енгізу жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 52) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
- 53) тұқым шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;
- 54) уәкілетті органның қарауына элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының элиталық тұқымдарды өндіру мен өткізу көлемі жөнінде ұсыныстар енгізу;
- 55) уәкілетті орган айқындайтын тәртіпте тиісті куәлік бере отырып, тұқым шаруашылығы субъектілерін аттестаттауды жүргізу;
- 56) рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік электрондық тізілімін жүргізу;
- 57) облыс бойынша тұқым баланстарын жасау;
- 58) ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқым шаруашылығы саласындағы қажетті ақпаратты беруді қамтамасыз ету;
- 59) құзыреті шегінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің сақтық және ауыспалы тұқым қорларын қалыптастыруына жәрдемдесу;
- 60) бастапқы, элиталық тұқым шаруашылығын жүргізу және ауыл шаруашылығы дақылдарының тұқымдарын жаппай көбейту схемалары мен әдістері бойынша ұсыныстар енгізу;
- 61) сұрыптық және тұқымдық бақылауды жүзеге асыру, сұрыптық егістіктерді байқаудан өткізу, топырақты бағалау, зертханалық сұрыптық сынақтар, тұқым сапасына сараптама жүргізу тәртібінің орындалуын бақылауды жүзеге асыру;
- 62) тиісті аумақта тұқым ресурстарының мониторингін жүзеге асыру;

63) апробат кадрлар мен тұқым сарапшыларды даярлауды және біліктілігін арттыруды ұйымдастыру;

64) ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының сұрыптық және егістік сапасына сараптама жүргізу жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің сақталуына бақылауды жүзеге асыру;

65) тұқым шаруашылығы жөніндегі мемлекеттік инспектордың ұсынысы негізінде мыналарды тоқтату:

субъектінің тұқым шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыруға құқығын куәландыратын аттестаттау туралы куәлігінің қолданысын;

тұқымдардың сұрыптық және егістік сапаларына сараптама жүргізу жөніндегі қызметті;

66) асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру ;

67) бекітілген нысандар бойынша асыл тұқымды мал шаруашылығы саласындағы деректерді есепке алуды жүргізу;

68) асыл тұқымды малдың, оның ішінде тектік қоры шектеулі тұқымдардың тектік қорын сақтауға және қалпына келтіруге бағытталған іс-шараларды субсидиялауды жүзеге асыру;

69) асыл тұқымды мал шаруашылығын сақтау және дамыту бойынша облыстық бағдарламалар әзірлеу;

70) өсімдіктерді қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

71) пестицидтерді (улы химикаттарды) өндіру (формуляциялау), пестицидтерді (улы химикаттарды) өткізу, пестицидтерді (улы химикаттарды) аэрозольдық және фумигациялық тәсілдермен қолдану бойынша қызметті лицензиялау;

72) карантиндік объектілердің таралу есебін жүргізу және уәкілетті орган мен мүдделі адамдарға ақпарат ұсыну;

73) өсімдіктердің карантині саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

74) мемлекеттік карантиндік фитосанитариялық бақылау және қадағалау объектілерінде осы объектілердің иелері — жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ мемлекеттік басқару органдарының өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүргізуін ұйымдастыру;

75) уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшелерінің ұсынуы келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде тиісті аумақтарда карантиндік режимді енгізе отырып, карантиндік аймақты белгілеу немесе оның күшін жою туралы шешім қабылдау;

76) облыстың жергілікті атқарушы органының жер қойнауын пайдалану мақсаттары (өндіру жөніндегі; бірлескен барлау және өндіру жөніндегі; барлаумен және (немесе) өндірумен байланысты емес жерасты құрылыстарын салу және (немесе) пайдалану жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін), магистральдық құбыржолдарды, мұнай және газ

өндеу объектілерін, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерді салу (реконструкциялау) үшін, индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің индустриялық-инновациялық жобалары, инвестициялық басым жобаларды Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес іске асыру, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту үшін жер учаскелерін беру жөніндегі, сондай-ақ пайдалы қазбалардың кен орындары табылған кезде және оларды игеру үшін, магистральдық құбыржолдарды салу (реконструкциялау), жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту үшін жер учаскелерін мемлекет мұқтажына мәжбүрлеп иеліктен шығару жөніндегі ұсыныстарын және шешімдерінің жобаларын дайындау;

77) жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру;

78) облыстың жергілікті атқарушы органының жер учаскелерін мемлекеттік ғылыми-зерттеу ұйымдары мен олардың тәжірибелік шаруашылықтарына, сондай-ақ мемлекеттік тұқым өсіру шаруашылықтары мен асыл тұқымды мал зауыттарына беру жөніндегі ұсыныстары мен шешімдерінің жобаларын дайындау;

79) жерді резервте қалдыру жөніндегі ұсыныстарды дайындау;

80) өз құзыреті шегінде жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау;

81) жерге орналастыруды жүргізуді ұйымдастыру және жер учаскелерін қалыптастыру жөніндегі жерге орналастыру жобаларын бекіту;

82) облыстың жерді аймақтарға бөлу жобаларын, жерді ұтымды пайдалану жөніндегі жобалары мен схемаларын әзірлеуді ұйымдастыру;

83) өз құзыреті шегінде жер сауда-саттығын (аукциондарын) жүргізуді ұйымдастыру;

84) жерді пайдалану мен қорғау мәселелерін қозғайтын облыстық, қалалық, аудандық маңызы бар жобалар мен схемаларға сараптама жүргізу;

85) өз құзыреті шегінде жер учаскесін сатып алу-сату шарттары мен жалдау және жерді уақытша өтеусіз пайдалану шарттарын жасау және жасалған шарт талаптарының орындалуын бақылауды жүзеге асыру;

86) аудандардың, облыстық маңызы бар қаланың деректері негізінде облыстың жер балансын жасау;

87) Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 71-бабына сәйкес облыстың жергілікті атқарушы органының іздестіру жұмыстарын жүргізуге жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беруі жөнінде ұсыныстар дайындау;

88) ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екіншісіне ауыстыру жөнінде ұсыныстар дайындау;

89) жер-кадастрлық жоспарды бекіту;

90) облыстың жергілікті атқарушы органының қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтажы үшін жер учаскелерін беру және алып қою жөніндегі ұсыныстарын және шешімдерінің жобаларын дайындау;

91) аумақтық сулар алып жатқан жер учаскелерін жасанды ғимараттар салу үшін беру жөніндегі облыстың жергілікті атқарушы органының ұсыныстарын және шешімдерінің жобаларын дайындау;

92) Қазақстан Республикасының Жер кодексімен және басқа да заңнамалық актілерімен белгіленген құзыреттерге сәйкес аудандар арасында жер қатынастарын реттеу;

93) жеке және заңды тұлғалардың жер мәселелері жөніндегі ауызша және жазбаша арыздарын қарау, жер заңнамасын түсіндіру жөнінде консультация өткізу;

94) "Солтүстік Қазақстан облысы бойынша биоотын өндірісін мемлекеттік реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру";

95) биоотын өндірісі саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

96) биоотын өндірісіне мониторинг жүргізу;

97) инвестициялық субсидиялау мониторингін жүргізу;

3 тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі мен өкілеттіктері

16. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын бірінші басшы жүзеге асырады.

17. Бірінші басшыны Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындайды және қызметінен босатады.

18. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) басшы орынбасарларының, құрылымдық бөлімше басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

2) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;

3) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін көтермелеу мәселелерін шешеді және тәртіптік жазалар қолданады;

4) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бұйрықтарына қол қояды, сондай-ақ "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері орындауға міндетті нұсқаулар береді;

5) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің атынан өкілдік етеді;

6) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді;

7) ерлер мен әйелдердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заңнаманың сақталуын қамтамасыз етеді;

8) "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтауына дербес жауапты болады;

9) медиация саласындағы жүйелі жұмысты қамтамасыз етеді.

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде қолданыстағы заңнамаға сәйкес оның өкілеттіктерін оны алмастыратын адам атқарады.

20. Бірінші басшы қолданыстағы заңнамаға сәйкес орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

Басшының орынбасарлары:

1) өз өкілеттіктері шегінде қызметті үйлестіреді;

2) басшы болмаған кезеңде "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және өз функцияларын жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

4 тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

21. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауландырылған мүлкі болуы мүмкін.

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірісті қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер өзгесі заңнамада белгіленбесе, "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алған мүлікті өз еркімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілмен иелік етуге құқығы жоқ.

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі таратылған жағдайда мүлік Құрылтайшыға беріледі және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бөлінеді.

5 тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қарамағында ұйымдар мен ведомстволар жоқ.